

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңының 22-бабын, Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңының 35-бабын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен камсыздандыру туралы" Заңының 36 және 52-баптарын іске асыру туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 73 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 84 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 21 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4199. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 183 қаулысымен.

Нормативтік құқықтық актілерді "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңының 22-бабын, Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңының 35-бабын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен камсыздандыру туралы" Заңының 36 және 52-баптарын іске асыру туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 73 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2811 тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған N 25-28) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауында "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңының 22-бабын, Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы"

Заңының 35-бабын," деген сөздер алынып тасталсын;

кіріспеде "Екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының", Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңының 22-бабының 1-тармағының а) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңының 21 және 35-баптарына," деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақта "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының", "Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңының 35-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен," деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Банктерді қадағалау департаменті (Раева Р.Е.) осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.) осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны ашық жинақтаушы зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығымен брокерлерге, дилерлерге, "Қазақстан Тізілім ұстаушыларының қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-на жіберсін.

6. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н.Өзбековке жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК